

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 1 шілдедегі N 256

"Банкроттық туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына Z970067_ (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-күжат; N 13-14, 205-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) кіріспесінде:

"оңалтуға бағытталған арнаулы рәсімдер" деген сөздер "оңалтудың арнаулы рәсімдерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тартудың" деген сөзден кейін "сондай-ақ соттан тыс тарату рәсімінің" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 1-бапта:

екінші азатжолда:

"талаптарды" деген сөзден кейін "және өмір мен денсаулыққа келтірілген зиянды өтеуді" деген сөздермен толықтырылсын;

"өзіне тиесілі мүлік есебінен" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші азатжол "банкроттық рәсімінің" деген сөздерден кейін "немесе соттан тыс тарату рәсімінің" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші азатжолда:

қазақша мәтіні дұрыс, өзгертудің қажеті жоқ;

"өзінің банкроттығы туралы ресми түрде жариялау жолымен несие берушілермен келісе отырып" деген сөздер "несие берушілердің бақылауымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші азатжолдағы "немесе несие берушілермен келісім бойынша соттан тыс тәртіппен ресми жарияланған" деген сөздер алып тасталсын;

сегізінші азатжолдағы "немесе несие берушілермен келісім бойынша соттан тыс тәртіппен борышкер деп ресми түрде жарияланған" деген сөздер алып тасталсын;

тоғызыншы азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"соттан тыс тарату рәсімі - борышкердің несие берушілердің бақылауымен оны ерікті түрде тарату туралы несие берушілермен келісімге қол жеткізу жолымен дәрменсіз борышкердің борыштарын соттан тыс тәртіппен реттеу рәсімі;"

он төртінші азатжолдағы "және конкурстық жиынтықтан қанағаттандыруды артықшылығы бар және кепілдікті несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін алатын" деген сөздер алып тасталсын;

он жетінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"конкурс жүргізу - несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру және банкротты (дәрменсіз борышкерді) борыштардан бос деп жариялау мақсатымен жүзеге асырылатын рәсім";

жиырма екінші азатжолдағы "не соттан тыс рәсім" деген сөздер "рәсімі" деген сөзбен ауыстырылсын.

жиырма бесінші азатжолдағы "сот тәртібімен не соттан тыс тәртіппен жүзеге асырылатын" деген сөздер алып тасталып, "борышкер мүлкінің иесі (ол уәкілеттік берген орган), несие берушілер немесе өзге адамдар" деген сөздер "борышкер мүлкі иесінің (ол уәкілеттік берген органның) несие берушілердің немесе өзге адамдардың" деген сөздермен, "көмек көрсететін" деген сөздер "көмек көрсетуі" деген сөздермен, "іске асыратын кездегі" деген сөздер "іске асыруы барысындағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

жиырма алтыншы және жиырма жетінші азатжолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"әдейі банкроттық - борышкер мүлкі иесінің немесе борышкер - заңды тұлға органдарының жеке мүдделерін немесе өзге тұлғалардың мүдделерін көздеп борышкерді төлем қабілетсіздігіне қасақана душар етуі;

жалған банкроттық - несие берушілердің талаптарын толық көлемінде қанағаттандыратын мүмкіндігі бола тұрып, несие берушілерге тиесілі төлемдерді кейінге қалдыру немесе бөліп-бөліп төлеу немесе борыштарға шегерім алу үшін несие берушілерді жаңылыстыру мақсатында борышкер органының немесе оның мүлкі иесінің сотқа немесе уәкілетті органға өзін банкрот деп тану туралы көрінеу жалған өтініш жасау";

оныншы, он бірінші, он сегізінші және жиырмамыншы азатжолдар алып тасталсын; мынадай мазмұндағы азатжолдармен толықтырылсын:

"уәкілетті орган - банкроттық рәсімдерінде және соттан тыс тарату рәсімінде бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер бойынша несие берушілердің мүдделерін білдіруге, сондай-ақ соттан тыс тарату рәсіміне бастамашылық жасауға Үкімет, жергілікті атқарушы органдар белгілеген уәкілетті орган;

дауыс беретін несие берушілер - уәкілетті орган арқылы банкроттық рәсімдеріне және соттан тыс тарату рәсіміне қатысатын, бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер бойынша несие берушілер және конкурстық несие берушілер;

дауыс бермейтін несие берушілер - несие берушілердің барлық басқа санаттары; әкімшілік шығыстар - сырттан таратылатын және мамандандырылған ұйымдардың көрсететін қызметіне ақы төлеу жөніндегі шығыстарды, оңалтуды және конкурстық басқарушылардың сыйақы сомасын қоса алғанда, банкроттық рәсімдеріне, оңалту рәсіміне және соттан тыс тарату рәсіміне бастамашылық жасау мен оларды өткізуге байланысты барлық шығыстар";

3) мынадай мазмұндағы 1-1-баппен толықтырылсын:

"1-1-бап. Банкроттық туралы заңдар

Банкроттық туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.";

4) 2-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұйымдық құқықтық нысанына қарамастан, ауыл шаруашылық ұйымдарына қатысты банкроттық рәсімдерінің ерекшеліктері заң актілерімен белгіленуі мүмкін. Осы Заңда көзделген банкроттық рәсімдерін үздіксіз өндіріс циклы бар ұйымдарға қатысты қолдану ерекшеліктері заңдармен белгіленуі мүмкін.";

2-тармақта "арнаулы заңдармен" деген сөздер "заң актілерімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Республиканың экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға ықпал ете алатын ұйымдар банкрот болған, сондай-ақ мемлекеттің бастамашылығымен банкрот деп танылған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі конкурстық жиынтықты сатудың ерекше шарттары мен тәртібін және конкурстық жиынтық объектілерін сатып алушыларға қосымша талаптар белгілеуге құқылы.";

5) 3-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банкроттықты борышкердің сотқа берген өтініші негізінде сот белгілейді.";

4-тармақтағы "ең төменгі жүз елу жалақыдан" деген сөздер "жүз елу айлық есептік көрсеткіштен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

"таратылуы мүмкін" деген сөздер "таратылуға тиіс" деген сөздермен ауыстырылсын

;

"осы Заңның 7 және 8-тарауларында" деген сөздер "осы Заңда" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта:

"немесе соттан тыс тәртіппен" деген сөздер "не соттан тыс тарату рәсімдерін өткізумен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Дәрменсіздік фактісін анықтау кезінде борышкердің орындау мерзімі жеткен, сондай-ақ орындауға қабылданған және (немесе) орындалып жатқан міндеттемелері ескерілуге тиіс.";

б) 4-бапта:

баптың атауы "қолдану" деген сөзден кейін "және соттан тыс тарату рәсімін өткізу"

деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Несие берушінің борышкерді банкрот деп тану туралы сотқа не соттан тыс тарату рәсімдерін өткізу туралы уәкілетті органға арыз беріп өтініш жасауына борышкердің төлем қабілетсіздігі негіз болып табылады.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Борышкердің өзін банкрот деп тану туралы сотқа не соттан тыс тарату рәсімдерін өткізу туралы уәкілетті органға арыз беріп өтініш жасауына оның дәрменсіздігі негіз болып табылады.";

3-тармақ алып тасталсын;

7) 5-бапта:

атауындағы "Қасақана" деген сөз "Әдейі" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "қасақана" деген сөз "әдейі" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "не борышкер", "берсе", "соттан тыс тәртіп бойынша несие берушілердің келісуімен өз банкроттығы туралы ресми түрде жарияласа" деген сөздер алып тасталып, "болған кезде" деген сөздерден кейін "берсе" деген сөзбен толықтырылсын.

8) 6-бапта:

баптың атауындағы "борышкерді банкрот деп танылғанға дейін оның жасаған" деген сөздер алып тасталып, "борышкердің" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақта:

бірінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Борышкердің өзін банкрот деп танылғанға дейін не соттан тыс тарату рәсімін өткізу туралы шешім қабылданғанға дейін жасаған мәмілелері мынадай жағдайларда:";

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) азаматтық заңдарда көзделген негіздер болғанда;"

2) тармақшада:

"әкімшінің," деген сөз алып тасталсын;

"банкроттық туралы іс қозғалғаннан" деген сөздерден кейін "не соттан тыс тарату рәсімін өткізу туралы шешім қабылдағаннан" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "көзделген өзге де негіздер бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін." деген сөздер "көзделген өзге негіздер болған кезде жарамсыз деп танылуға тиіс" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

"әкімші," деген сөз алып тасталсын;

"соның ішінде жалға" деген сөздерден кейін үтір қойылып, "немесе бұдан бұрын жасалған мәмілелердің орындалуын қамтамасыз етуге" деген сөздермен толықтырылсын;

"несие берушілермен бірге тарату, не соттан тыс тәртіппен оңалту рәсімін қолдану туралы шешім қабылдағанға" деген сөздер "соттан тыс тарату рәсімінің бастамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта "банкроттық туралы істі қозғағанға немесе тарату не оңалту рәсімін қолдану туралы шешім қабылдағанға дейін төрт айға дейінгі" деген сөздер "банкроттық туралы істі қозғағанға немесе соттан тыс тарату рәсімінің бастамасына дейінгі бір жылға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

"қызметші (қызметкер), шаруашылық серіктестігіне қатысушы, дәрменсіз борышкердің басшысына" деген сөздер " , не соттан тыс тарату рәсімін бастап, шаруашылық серіктестіктерінің қызметшілеріне (қызметкерлеріне), қатысушыларына, дәрменсіз борышкердің басшысына" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақта белгіленген мүлікті талап ету туралы ережелер мүлікті жұбайына, тікелей өзінен тарайтын және шыққан тегі бойынша туыстарына беру жағдайларына да қолданылады.";

мынадай мазмұндағы 5 және 6-тармақтармен толықтырылсын:

"5. Өз өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде оңалтуды немесе конкурсты басқарушы осы бапта көзделгендерден басқа, заң актілерінде көзделген негіздер бойынша борышкердің мүлкін үшінші тұлғалардан талап ету туралы, борышкер жасасқан шарттарды бұзу туралы талап қоюға және азаматтық заңдарда көзделген, борышкердің мүлкін қайтаруға бағытталған өзге де әрекеттер жасауға құқылы".

6. Мүліктің жоғалуына, бүлінуіне не оны кейіннен үшінші тұлғалардың адал жолмен сатып алуына байланысты осы бапта көзделген жағдайларда мүлікті талап ету мүмкін болмаған кезде талап етілетін мүліктің бастапқы сатып алушылары борышкердің алдында осыған байланысты туындаған зиянды жоғалған, бүлінген не үшінші тұлғалар адал жолмен сатып алған мүліктің құны шегінде өтеу жөнінде жауапты болады.";

9) 7-баптың 1-тармағындағы "Әкімші, сондай-ақ" деген сөздер алып тасталсын;

10) 9-бапта:

баптың атауындағы "Әкімші," деген сөз алып тасталсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Оңалту рәсімін, конкурстық істі (таратуды) жүргізу не соттан тыс тарату рәсімін өткізу кезеңінде банкроттық рәсімдерін, оңалту рәсімін және соттан тыс тарату рәсімін жүзеге асыру мақсаттарына қол жеткізу үшін дәрменсіз борышкердің барлық органдары оны басқарудан шеттетіледі және борышкердің мүлкі мен істерін басқару міндеттері оңалтуды не конкурсты басқарушыға (таратушыға) беріледі.

Оңалтуды және конкурсты басқарушы (таратушы) борышкерді басқарудың бірден-бір уәкілетті органы ретінде әрекет етеді.";

2-тармақтағы "Әкімшіні," және " , ал егер ол құрылмаса - несие берушілердің жиналысы уәкілдік берген адам" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Оңалтуды, конкурсты басқарушы болып осындай қызметті жүзеге асыруға уәкілетті орган беретін лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға тағайындалады.";

4-тармақта:

"әкімші," деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) жұбайы, тікелей өзінен тараған және шыққан тегі бойынша туыстары, сондай-ақ осы тармақтың 1) тармақшасында аталған адамдардың туған аға-інілері мен апа-сіңлілері.";

5-тармақта "Әкімші," деген сөз алып тасталсын;

11) 10-бапта:

1-тармақ "банкроттық рәсімдеріне" деген сөздерден кейін "және борышкерді соттан тыс тарату рәсіміне" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

"(осы Заңның 32-бабының 1-тармағы)" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Мыналар:

1) борышкерден ақша сомаларын өндіріп алу туралы соттың шешімі немесе күшіне енгізілген атқарушы құжаттар барларға қатысты;

2) борышкер мойындаған не ол өзіне қойылған талаптар бойынша белгіленген мерзімде қарсылығын мәлімдемеген талаптар даусыз болып табылады.";

3-тармақта:

"Банкроттық рәсімдерін" деген сөздерден кейін "немесе соттан тыс тарату рәсімін" деген сөздермен толықтырылсын;

"әкімші," деген сөз алып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Несие берушілердің талаптарын тізілімге енгізу не олардың талаптарының көлемі туралы несие берушілер мен оңалтуды немесе конкурсты басқарушылар

арасында туындайтын келіспеушіліктерді тиісті несие берушінің арызы бойынша банкроттықтың сот рәсімі

кезінде - сот не соттан тыс тарату өткізу кезінде несие берушілер комитеті қарайды.

Мұндай жағдайда соттың ұйғарымы не несие берушілер комитетінің шешімі талапты тізілімге енгізу үшін негіз болып табылады.

Несие берушілер комитетінің шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.";

12) 2-тараудың атауындағы "жиналысы мен" деген сөздер алып тасталып, "берушілердің" деген сөз "берушілер" деген сөзбен ауыстырылсын;

13) 11, 12, 13 және 14-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Несие берушілер комитетін құру

1. Банкроттық рәсімдерінде, оңалту рәсімінде және соттан тыс тарату рәсімінде несие берушілердің мүдделерін қамтамасыз ету және олардың қатысуымен шешімдер қабылдау мақсатында несие берушілер комитеті құрылады.

Несие берушілер комитетінің құрылуы:

1) банкроттық рәсімі кезінде осы заңның 70-бабымен;

2) оңалту рәсімі кезінде осы заңның 43-бабымен;

3) соттан тыс тарату рәсімі кезінде осы Заңның 97-бабымен реттеледі.

2. Несие берушілер комитетінің құрамына борышкерге ең көп сомада талап қойған конкурстық несие берушілер, сондай-ақ уәкілетті органның өкілі кіреді.

3. Несие берушілер комитеті мүшелері жеті адамнан аспайтын тақ санынан тұрады.

4. Несие беруші несие берушілер комитетінің мүшесі ретінде банкроттық рәсімдеріне, оңалту рәсіміне не соттан тыс тарату рәсіміне қатысудан бас тартуға құқылы.

5. Құрылған және бекітілген несие берушілер комитетінің құрамына осы баптың 2 және 3-тармақтарының талаптары ескеріле отырып, конкурстық несие берушілер арасынан жаңа мүшелер енгізілуі мүмкін.

12-бап. Несие берушілер комитетінің отырыстары

1. Несие берушілер комитетінің бірінші отырысы несие берушілер комитетінің құрамы бекітілген күннен бастап он күннен аспайтын мерзімде өткізілуге тиіс.

2. Несие берушілер комитеті бірінші отырысында:

1) дауысқа қою рәсімінде дауыстар тең болған жағдайда шешуші дауыс құқығы берілетін комитет төрағасын сайлауға;

2) соттан тыс тарату рәсімін өткізу кезінде оңалтуды басқарушының кандидатурасын бекітуге, конкурстық басқарушының кандидатурасын тағайындауға;

3) негізгі және қосымша сыйақының мөлшерін және оны оңалту немесе конкурстық басқарушыға төлеудің тәртібін белгілеуге міндетті.

3. Несие берушілер комитетінің бұдан кейінгі отырыстары комитет белгілейтін тәртіппен және мерзімде шақырылады.

13-бап. Несие берушілер комитетінің өкілеттігі

Несие берушілер комитеті:

оңалту рәсімін жүргізу, ұзарту немесе тоқтату туралы сот алдында өтініш жасауға; сотқа оңалтуды басқарушының кандидатурасын ұсынуға, соттан тыс тарату рәсімін жүргізу кезінде конкурстық басқарушының кандидатурасын тағайындауға;

оңалтуды немесе конкурстық басқарушының іс-әрекеттерін бақылауды жүзеге асыру үшін несие берушілер комитеті мүшелерінің арасынан несие берушілердің өкілін сайлауға;

осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес оңалтуды немесе конкурстық басқарушыға төленетін негізгі және қосымша төлемнің мөлшерін белгілеуге;

оңалтуды немесе конкурстық басқарушыдан борышкердің қаржы жағдайы және банкроттық рәсімін, оңалту рәсімін және соттан тыс тарату рәсімін жүзеге асыру барысы туралы ақпарат беруді талап етуге;

оңалтуды немесе конкурстық басқарушының іс-әрекетіне сотқа

шағымдануға, сондай-ақ оларды атқаратын міндеттерінен шеттету туралы өтінішпен сотқа жүгіну жөнінде шешім қабылдауға;

борышкердің өндіріп алынуы мүмкін емес дебиторлық берешектерінің көлемін бекітуге;

конкурстық басқарушы ұсынған конкурстық жиынтықты іске асыру жоспарын бекітуге;

осы Заңда көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

14-бап. Несие берушілер комитетінің шешім қабылдауы

1. Комитеттің барлық мүшелері немесе олардың сенім білдірген адамдары қатысқан жағдайда несие берушілер комитетінің отырысы заңды болады.

2. Несие берушілер комитетінің отырысы хаттамамен ресімделеді.

3. Несие берушілер комитетінің шешімі "бір комитет мүшесі - бір дауыс" деген принцип бойынша жалпы дауыс санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

4. Борышкердің басқа барлық несие берушілерінің несие берушілер комитетінің отырысына кеңесші дауыс құқығымен қатысуға құқығы бар.;"

14) 15-бапта:

1-тармақта:

"осыған", "мемлекеттік" деген сөздер алып тасталсын;

"белгілер" деген сөз "негіздер" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "өзге уәкілетті мемлекеттік органдар" деген сөздер "өзге уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 16-бапта:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) уәкілетті орган.;"

7) тармақшаның қазақша мәтіні дұрыс, өзгертудің қажеті жоқ.

16) 17-бапта:

2-тармақта:

"жүгіне алады" деген сөздер "жүгінуге міндетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сотқа" деген сөздерден кейін "немесе уәкілетті органға" деген сөздермен толықтырылсын;

"және борышкерді соттан тыс тәртіппен банкрот деп ресми түрде жариялау туралы несие берушілермен келісімге қол жетпеген" деген сөздер алып тасталсын;

17) 18-бапта:

2-тармақтың 8) тармақшасында "кепілге берілген" деген сөздердің алдына "жалдаудағы және лизингтегі" деген сөздер жазылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

18) 19-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

19) 20-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Сот тәртібімен дебиторлық берешекті өндіріп алу кезінде алынатын мемлекеттік бажды төлеуге қажетті ақша қаражаты болмаған жағдайда конкурстық немесе оңалтуды басқарушының өтініші бойынша сот дебиторлық берешекті өтеу шотына

ақша қаражаты келіп түскенге дейін мемлекеттік бажды төлеуді кейінге қалдыруға мүрсат береді.";

20) 22-бапта:

3-тармақтың 10) тармақшасындағы "және, егер банкроттық туралы істі қарауға қажет болса, сондай-ақ несие берушіде бар өзге де мәліметтер" деген сөздер алып тасталып, "айғағы" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылсын;

мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) егер банкроттық туралы істі қарау үшін қажет болса, өзге де мәліметтер.";

21) 25-бапта:

баптың атауындағы "өзге де" және "мемлекеттік" деген сөздер алып тасталсын;

1-тармақтағы "өзге" деген сөз алып тасталсын;

22) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Банкроттық туралы іс бойынша іс қозғау

1. Борышкерді банкрот деп тану туралы заңдарда белгіленген талаптарға сәйкес келетін өтінішті ала отырып, сот өтініш түскеннен кейін бес күннен кешіктірмей іс қозғау туралы ұйғарым шығарады.

2. сот банкроттық туралы іс қозғау жөніндегі ұйғарымның көшірмесін борышкерге және арыз берушіге жібереді.";

23) 28-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"28-бап Банкроттық туралы іс бойынша іс қозғаудың салдары

1. Банкроттық туралы іс бойынша іс қозғалған кезден бастап:

1) борышкер мүлкінің иесі (ол уәкілдік берген орган), құрылтайшылары (қатысушылары), заңды тұлғаның барлық органдары борышкердің мүлкін билеу құқығынан айырылады;

2) моральдық зиянды өтеу туралы талаптарды қоспағанда, өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін борышкер жауап беретін азаматтарға төлемдерді қоспағанда, соттардың, аралық соттардың бұрын қабылдаған шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;

3) несие берушілердің борышкерге қоятын кез келген талаптары осы Заңда көзделген банкроттық рәсімдері шегінде ғана қойылуы мүмкін;

4) несие берушілердің, салық және өзге де уәкілетті органдардың талаптары, соның ішінде даусыз (акцептсіз) тәртіппен қанағаттандырылуға тиісті талаптары бойынша борышкердің банк шотынан ақша өндіріп алуға, сондай-ақ борышкердің мүлкінен өндіріп алуға жол берілмейді;

5) борышкердің лауазымды адамдарына өздеріне тиесілі акцияларды, борышкердің мүлкіндегі үлесін иеліктен айыруға тыйым салынады.

2. Сот бес күн ішінде банкроттық туралы іс бойынша іс қозғалғандығы жөнінде хабарландыруды орталық әділет органының ресми шығарылатын баспасөз басылымдарында жариялауға міндетті.

Хабарландыруды жариялау банкроттықты тану туралы өтініш берген тұлғаның қаражаты есебінен жүзеге асырылады, ол осы Заңның 40-бабында белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс.";

24) 29-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"29-бап. Несие берушінің, уәкілетті органның немесе

прокурордың мәлімдемесіне борышкердің жауабы

1. Борышкер соттың банкроттық туралы іс қозғау жөніндегі ұйғарымының көшірмесін алған күннен бастап он күн мерзім ішінде сотқа несие берушінің, уәкілетті органның немесе прокурордың мәлімдемесіне жауап қайтаруға міндетті.

2. Жауапта:

1) жауап жіберіліп отырған соттың атауы;

2) мәлімдеушінің атауы, мәлімдеменің нөмірі мен күні;

3) борышкердің мәлімдеуші талабына қарсылықтары;

4) өзге несие берушілер алдындағы міндеттемелер, борышкер қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер жөніндегі берешектің жалпы сомасы;

5) борышкердің қолында бар мүлік, оның ішінде кепілге берілген, жалдаудағы немесе лизингтегі мүлік туралы, банктер шоттарындағы ақша туралы мәліметтер, шоттардың нөмірлері және банктердің пошталық мекен-жайы;

б) борышкер мойындаған жағдайда мәлімдеуші талаптарының қанағаттандырылғанына айғақтар.

3. Борышкердің жауабына борышкердің:

1) орындау мерзімі жеткен борыштық міндеттемелерін орындауға;

2) орындау мерзімі борышкерді банкрот деп тану туралы арыз берілген кезден бастап үш айдың ішінде келетін борыштық міндеттемелерін орындауға қабілетті екенін растайтын құжаттары қоса берілуге тиіс.

4. Борышкер жауабының болмауы не оның осы баптың 1-тармағында көзделген мерзімді дәлелді себепсіз бұза отырып тапсырылуы борышкердің өзінің дәрменсіздігін мойындауы деп қаралады және соттың борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығаруына негіз болады.

5. Борышкердің жауабында өзін дәрменсіз деп тануды білдіруі соттың оны банкрот деп тану туралы шешім шығаруына негіз болады.

Борышкер жауабында өзінің дәрменсіздігін мойындаған жағдайда осы баптың 2 және 3-тармақтарында аталған құжаттардың табыс етілуі міндетті емес.";

25) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"31-бап. Істі соттың қарауына дайындау

1. Несие берушінің, уәкілетті органның немесе прокурордың сотқа осы Заңның 29-бабының ережелерін ескере отырып табыс еткен талабына борышкердің қарсылық білдірген жауабының болуы істі сотта қарауға дайындау үшін негіз болып табылады.

2. Борышкердің банкроттығы туралы істі сотта қарауға дайындау кезінде іс жүргізу заңдарында көзделген әрекеттермен қатар сот:

1) істі сот отырысында қаралатын уақыты мен орнын іске қатысатын несие берушілерге және өзге де тұлғаларға хабарлайды;

2) осы Заңның 18-бабының 2-тармағында және 19-бабында көзделген мәліметтер мен құжаттарды борышкерден талап етіп алады;

3) істі мәні бойынша қарау үшін соттың отырысын тағайындайды,";

26) 32 және 33-баптар алынып тасталсын;

27) 34-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"34-бап. Соттың істі қарауы

Істі алдын ала дайындау аяқталғаннан кейін, бірақ іс қозғалған соң бір айдан кешіктірілмей, банкроттық туралы іс соттың қарауына тағайындалуға тиіс, ол туралы сот ұйғарым шығарады.

Банкроттық туралы іс сотқа өтініш түскен күннен бастап екі айдан аспайтын мерзімде сот отырысында қаралуға тиіс.";

28) 36-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"36-бап. Борышкерді банкрот деп тану туралы шешім

1. Соттың борышкерді банкрот деп тану және конкурстық іс жүргізуді қозғау туралы шешімі мынадай жағдайларда:

1) іс қозғалған кезден бастап екі айдан аспайтын мерзімде соттың істі қарауы барысында борышкер өзінің қабілеттілігін дәлелдей алмағанда;

2) іс қозғалған кезден бастап отыз күннен аспайтын мерзімде борышкердің жауабы болмағанда немесе өз жауабында дәрменсіздігін мойындағанда;

3) іс қозғалған кезден бастап он күннен аспайтын мерзімде борышкер өзін банкрот деп тану туралы арыз бергенде;

4) несие берушілер комитетінің бас тарту туралы шешімі алынған кезден бастап бес күннен аспайтын мерзімде, осы Заңның 14-бабы 2-тармағының талаптарын сақтай отырып, несие берушілер комитеті борышкерге оңалту рәсімдерін қолданудан бас тартқанда;

5) банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу жаңғыртылған күннен бастап он күннен аспайтын мерзімде оңалтуды басқарушы оңалту рәсімдерінің сәтсіз өткізілгені туралы сотқа жазбаша жүгінгенде шығарылады.

2. Соттың борышкерді банкрот деп тану туралы шешімінде:

1) борышкерді тарату туралы;

2) конкурстық басқарушы тағайындау туралы;

3) шешім шығарылғанға дейін сотқа жүгінген несие берушілердің мәлімделген талаптарының мөлшері туралы нұсқаулар болуға тиіс.

3. Борышкерді банкрот деп тану және конкурстық іс жүргізуді

қозғау туралы хабарландыруды конкурстық басқарушы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап жеті күннен аспайтын мерзімде орталық әділет органының ресми баспасөз басылымында жариялайды.

Борышкерді банкрот деп тану туралы жарияланымда:

1) борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарған сот органының атауы;

2) банкроттың атауы және орналасқан жері;

3) жарияланым шыққан күннен бастап екі ай мерзім ішінде өздерінің борышкерге қоятын талаптарын табыс ету қажеттігі туралы несие берушілерге хабарлама болуға тиіс.";

29) 39-бапта:

1-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) оңалту рәсімін жүргізу мақсатында қол жеткізілгенде;"

2) тармақша алып тасталсын;

2-тармақтағы "Несие берушілер талаптарының қанағаттандырылуына" деген сөздер "Оңалту рәсімін жүргізу мақсатына қол жеткізілуіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

30) 40-бапта:

баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"40-бап. Сот және әкімшілік шығыстарын бөлу"

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Борышкерді банкрот деп тану туралы шешім қабылданған кезде, төленуі кейінге қалдырылған мемлекеттік баж жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, барлық сот шығыстары мен әкімшілік шығыстары борышкердің мүлкіне жатқызылады және осы мүліктің есебінен кезектен тыс өтеледі. Оңалту рәсімін жүргізу мақсатында қол жеткізілуіне байланысты іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарылған кезде сот және әкімшілік шығыстары осы тәртіппен өтеледі.";

3-тармақ алып тасталсын;

31) 42-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"42-бап. Оңалту рәсімін қолдану

Оңалту рәсімі борышкер өтініш жасаған және несие берушілер комитетінің келісімі болған жағдайда сот тәртібімен тек коммерциялық ұйымдарға қатысты қолданылады.";

32) 43-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"43-бап. Оңалту рәсімін қолдану туралы өтініш жасау

1. Дәрменсіз борышкер өзінің төлем қабілетін қалпына келтіру мүмкіндігі болған жағдайда, өзін банкрот деп тану туралы сотқа арыз бергенге дейін уәкілетті органға өзіне қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы өтінішін мәлімдей алады. Мұндай өтінішті банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін несие берушілер де немесе үшінші тұлға да жасай алады.

2. Өтініште осы Заңның 11-бабының талаптары ескеріле отырып, борышкерге қатысты аталған рәсімнің қолданылуы орындылығының негіздемесі мен несие берушілер комитеті құрамы жөніндегі ұсыныс болуға тиіс.

3. Өтінішке:

1) соңғы екі жылдағы қаржы есебі;

2) дәрменсіз борышкерді оңалту жоспары;

3) кепілдікпен қамтамасыз етілген талаптардың жалпы сомасының 50 проценттен астамын иеленетін кепілдік несие берушілердің, сондай-ақ осы несие берушілер талаптарының жалпы сомасының 50 проценттен астам үлесі тиесілі конкурстық несие берушілердің оңалту рәсімдерін өткізуге жазбаша келісімі;

4) оңалтуды басқарушының кандидатурасы жөніндегі ұсыныстар және кандидаттың оңалтуды басқарушы ретінде оңалту рәсіміне қатысуға жазбаша келісімі қоса тіркеледі.

4. Уәкілетті орган осы Заңның талаптарына сәйкес несие берушілер комитетін құрады және Заңда белгіленген мерзімде несие берушілер комитетінің бірінші отырысын шақырады, онда оңалту жоспары және оңалтуды басқарушының кандидатурасы қаралуға тиіс.

5. Егер борышкерді оңалтудың ұсынылып отырған жоспарын және оңалтуды басқарушының кандидатурасын несие берушілер комитеті мен уәкілетті орган осы Заңмен белгіленген несие берушілер комитеті мен уәкілетті органның шешімдер қабылдау тәртібін сақтай отырып, мақұлдаса, борышкердің оңалту рәсімін өткізу туралы арызына несие берушілер комитетінің және уәкілетті органның берген келісімі сотқа жіберіледі.

6. Егер борышкерді оңалтудың ұсынылып отырған жоспарын және оңалтуды басқарушының кандидатурасын несие берушілер комитеті мен уәкілетті орган мақұлдаса (оған келіссе), борышкерді оңалту жоспарымен келіспеген несие берушілердің мүдделеріне нұқсан келмейтін болса, сот оңалту рәсімін өткізуге несие берушілер

комитетінің және уәкілетті органның келісімін алған кезден бастап бес күн мерзімнен кешіктірмей оңалту жоспарын бекіту және борышкерге қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы ұйғарым шығаруға міндетті.";

33) 44-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде "осы Заңның 43-бабының 7-тармағында белгіленген талаптар сақтала отырып жол беріледі" деген сөздер "несие берушілер комитетінің келісімімен жол беріледі және қайтадан сотта қарау үшін беріледі." деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 48-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"48-бап. Оңалтуды басқарушы

"Оңалтуды басқарушыны несие берушілер комитетінің ұсынуы бойынша сот бекітеді.";

35) 49-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Оңалтуды басқарушыға сыйақы борышкердің мүлкінен төленеді және әкімшілік шығыстарына жатқызылады. Сыйақының мөлшерін және оны төлеу тәртібін несие берушілер комитеті осы баптың талаптарына сәйкес белгілейді.";

2-тармақтың 2) тармақшасындағы "оның қызметінің нәтижелері бойынша төленетін қосымша ақыларды" деген сөздер "несие берушілер комитеті белгілейтін мөлшерде, оның қызметі бойынша төленетін қосымша ақыларды" деген сөздермен ауыстырылсын ;

36) 50-бапта "басқарушының өтініші бойынша" деген сөздерден кейін "несие берушілер комитетінің келісімімен" деген сөздермен толықтырылсын;

37) 51-бапта:

2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Несие берушілер комитетінің келісімімен оңалтуды басқарушы:

1) жылжымайтын мүлікке иелік ету (пайдалануға, кепілге беру және т.б.) бойынша мәмілелер жасайды;

2) құны борышкердің активтері құнының 20 процентінен асатын борышкердің өзге мүлкіне билік ету жөнінде мәмілелер жасайды;

3) борышкердің тұтынуға, оның ішінде борышкер қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге жұмсалатын шығыстарды ұлғайтуға әкеп соғатын шешімдер қабылдайды.

3. Оңалтуды басқарушы несие берушілер өкілінің талап етуі бойынша (осы Заңның 13-бабының 3) тармақшасы) оны борышкердің мүлкіне билік ету жөнінде жасаған мәмілелер туралы хабардар етуге, ал ол болмаған жағдайда осындай мәмілелер туралы несие берушілер комитетіне ай сайын есеп беріп отыруға міндетті.

Осы тармақта белгіленген ережелер борышкердің оңалту жоспарында

көзделген мүлкіне билік ету жөніндегі мәмілелерге қолданылмайды.

4. Егер борышкердің оңалту рәсімін енгізгеннен кейін туындаған ақшалай міндеттемелерінің жалпы мөлшері оңалту рәсімін енгізген кездегі несиелік берешектің жалпы сомасының 20 процентінен асса, борышкердің ақшалай жаңа міндеттемелерін туғызатын мәмілелерді, оңалтуды басқарушы несие берушілер комитетінің келісімімен ғана жасай алады.";

6-тармақ алып тасталсын;

38) 52-баптағы "шартқа сәйкес жауап береді (осы Заңның 51-бабының 6-тармағы)" деген сөздер "қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауап береді" деген сөздермен ауыстырылсын;

39) 53-баптың 1-тармағындағы "Оңалтуды басқарушы" деген сөздерден кейін "несие берушілер комитетінің келісімімен" деген сөздермен толықтырылсын;

40) 57-баптың 2-тармағындағы "берушілердің жиналысында бекітілген" деген сөздер "берушілер комитеті бекіткен" деген сөздермен ауыстырылсын;

41) 59-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

42) 5-тарау алып тасталсын;

43) 65-бапта:

1-тармақтағы "мөлшерлес" деген сөз алып тасталсын;

2-тармақта:

"Тарау рәсімінің мерзімі сот шешімімен белгіленеді және ол"

деген сөздер "Конкурстық іс жүргізу мерзімі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"12 айдан" деген сөздер "алты айдан" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Конкурстық басқарушының өтініші бойынша" деген сөздерден кейін "несие берушілер комитетінің келісімімен" деген сөздермен толықтырылсын;

44) 66-бапта:

"несие берушілердің жиналысы (несие берушілердің комитеті)"

деген сөздер "несие берушілер комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"конкурстық басқарушы," деген сөздерден кейін "уәкілетті орган"

деген сөздермен толықтырылсын;

45) 67-бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) конкурстық басқарушыны тағайындайды";

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) несие берушілер комитетінің құрамын бекітеді";

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) осы Заңда көзделген жағдайларда несие берушілер комитетінің шешімін бекітеді.";

46) 68-бапта:

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер конкурстық жиынтық құрамында жылжымайтын мүлік болса, банкроттың жылжымайтын мүлкін иеліктен айыру және оны өзге тұлғаларға пайдалануға беру жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу органдарында тіркелуге тиіс.";

47) 69-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"69-бап. Конкурстық басқарушы-таратушы

1. Конкурстық іс жүргізуді жүзеге асыру үшін сот уәкілетті органның ұсынуы бойынша конкурстық басқарушыны тағайындайды.

2. Конкурстық басқарушыға (таратушыға) сыйақы несие берушілермен есеп айырысқанға дейін конкурстық жиынтықтан төленеді.

Конкурстық басқарушыға төленетін сыйақыға:

1) өз міндеттемелерін орындайтын бүкіл кезең үшін ай сайынғы мөлшері жиырма бес айлық есептік көрсеткіштен кем болмайтын ағымдағы төлемақылар;

2) оның қызмет нәтижелері бойынша мөлшерін несие берушілер комитеті белгілейтін қосымша төлемақылар кіреді. Қосымша төлемақылар несие берушілер талаптарын қанағаттандыруға жұмсалған қаражаттың белгілі бір процентін құрайды.";

48) 70-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Заңның талаптарына сәйкес он күннен аспайтын мерзімде несие берушілер комитетінің құрамын қалыптастырады және несие берушілер комитетінің бірінші отырысын шақырады.";

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) несие берушілер комитетінің барлық мүшелеріне комитеттің бірінші отырысы

өткізілетін орын мен күн туралы хабарлайды;

1-2) борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы сот шешімі күшіне енгізілген күннен бастап бір апта мерзімде орталық әділет органының ресми баспасөз басылымында борышкерді банкрот деп тану туралы және несие берушілердің талаптарын мәлімдеу тәртібі туралы жарияланым шығарады;"

5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) банкроттың қызметкерлеріне еңбек туралы заңдарға сәйкес алдағы уақытта жұмыстан босатылатынын хабарлайды;

6) несие берушілердің талаптарын өтеу мақсатында несие берушілер комитетімен банкроттың мүлкін (активтерін) сату жоспарын келіседі және оны сатуды жүзеге асырады;"

49) 71-бапта:

1-тармақта:

"мәлімделуі мүмкін" деген сөздер "мәлімделуге тиіс" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың екінші азатжолындағы "несие әкімшіге" деген сөздер алып тасталсын;

50) мынадай мазмұндағы 71-1-баппен толықтырылсын:

"71-1-бап. Конкурстық басқарушы-таратушының жауапкершілігі

Өзінің өкілеттігін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда конкурстық басқарушы-таратушы мүдделі тараптың арызы бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген материалдық, әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін.";

51) 72-баптың 4-тармағында:

"тізілім" деген сөз "несие берушілер тізімінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ал кемінде елу конкурстық несие берушінің талабы бойынша несие берушілер талаптарының тізілімі борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы жарияланым жасалған баспасөз органында жариялануға тиіс" деген сөздер алып тасталсын;

52) 74-бапта:

1-тармақтағы "борышкердің" деген сөзден кейін "соның ішінде оның қаржы құжаттарында көрсетілмеген, бірақ борышкердің меншік құқығын растайтын құжаттары бар" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың қазақша мәтіні дұрыс, түзетудің қажеті жоқ;

53) 75-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әкімшілік және сот шығыстары борышкер мүлкінің есебінен кезектен тыс өтеледі.

Әкімшілік шығыстарының сомасын олардың туындауына қарай

оңалтуды немесе конкурстық басқарушы төлеуі мүмкін.";

54) 76-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Несие берушінің талабы оның келісімімен заңдарға қайшы келмейтін әдістермен, соның ішінде ақша түрінде және (немесе) мүлікті заттай беру арқылы қанағаттандырылуы мүмкін.";

6-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Көрсетілген сомаларды конкурстық іс жүргізудің аяқталғандығы туралы сот ұйғарымының негізінде несие беруші дебиторлық берешектен шығуға тиіс.";

55) 83-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы "борышкерге" деген сөздерден кейін "меншік құқығында тиесілі емес, соның ішінде сенімгерлік басқарудағы немесе сақтаудағы" деген сөздермен толықтырылсын;

56) 84-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Борышкердің мүлкін сатуды несие берушілер комитеті бекіткен мүлікті сату жоспарына сәйкес конкурстық басқарушы жүзеге асырады. Мүлікті сату жоспарында сауда-саттықты өткізудің тәртібі болуға тиіс.";

2-тармақта:

"(активтері)" деген сөз алып тасталсын;

"сатып алушы болмағандықтан" деген сөздер "мүлікті сату жоспарына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

57) 85-баптың 2-тармағы:

"сатылмай қалған" деген сөздерден кейін "сондай-ақ несие беруші талаптарды қанағаттандырудың есебіне қабылдамаған," деген сөздермен толықтырылсын;

"заңды ұйымның" деген сөздердің алдынан " , азаматтық заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

58) 87-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сот конкурсты басқарушының есебін және тарату балансын бекітеді және олар табыс етілген кезден бастап он бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде конкурстық іс жүргізуді аяқтау туралы ұйғарым шығарады.

Конкурстық іс жүргізуді аяқтау туралы ұйғарымда конкурстық басқарушыға сыйақы төлеуге және борышкердің сатылмай қалған мүлкіне байланысты реттелмеген мәселелер де шешілуі мүмкін. Конкурстық басқарушы сот ұйғарымының көшірмесін

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға, сондай-ақ банкроттың талаптары қанағаттандырылмаған несие берушілеріне жібереді.";

59) 88-бапта:

1 және 2 тармақтар алып тасталсын;

60) 91-баптағы "осы Заңның 69-бабына сәйкес сот тағайындайтын (бекітетін)" деген сөздер алып тасталсын;

61) 92-баптың 1-тармағында қазақша мәтіні дұрыс;

62) 94-бапта:

1-тармақ "прокурордың" деген сөзден кейін " , уәкілетті адамның" деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Іс қозғалған күннен бастап бес күн мерзім ішінде келмеген борышкерді сот банкрот деп тану және конкурстық іс жүргізуді қозғау туралы шешім шығарады.";

3-тармақ:

"борышкерді таратуды" деген сөзден кейін "уәкілетті органның ұсынуы бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Конкурстық басқарушы соттың борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы шешімі күшіне енгізілген күннен бастап бір апта мерзімде орталық әділет органының ресми баспасөз басылымында борышкерді банкрот деп тану туралы және осы Заңның 71-бабында белгіленген ережелер бойынша несие берушілердің талаптарын мәлімдеу тәртібі туралы жарияланым шығарады.";

63) 8-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-тарау. Соттан тыс тарату рәсімдері";

64) 96 және 97-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"96-бап. Соттан тыс рәсім

1. Соттан тыс тарату рәсімі дәрменсіз борышкерді несие берушілердің бақылауымен таратуға мүмкіндік беретін әдіс болып табылады.

2. Дәрменсіз борышкерді соттан тыс тарату рәсіміне борышкер немесе борышкердің несие берушісі борышкерге қатысты соттан тыс тарату рәсімін қолдану туралы уәкілетті органға өтініш беру арқылы бастамашылық жасауы мүмкін.

Уәкілетті орган тиісті шешім қабылдау арқылы борышкерді соттан тыс тарату рәсіміне дербес бастамашылық жасауға құқылы.

Борышкерді соттан тыс тарату рәсіміне бастамашылық жасау туралы уәкілетті органның шешім шығаруына төлем мерзімі келген кезден бастап үш айдың ішінде бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төлемдер бойынша борышкер орындамаған міндеттемелердің болуы негіз болып табылады.

3. Дәрменсіз борышкерді таратудың соттан тыс рәсімін өткізу туралы шешімді осы Заңның талаптарына сәйкес несие берушілер комитеті борышкермен келісе отырып

қабылдайды.

4. Соттан тыс тарату рәсімін өткізуге байланысты шығыстары конкурстық іс жүргізудің әкімшілік шығындарына жатады.

97-бап. Несие берушілер комитеті

1. Дәрменсіз борышкерді соттан тыс тарату рәсімін өткізу туралы шешім қабылдау, оны өткізуге бақылауды қамтамасыз ету үшін уәкілетті орган борышкер ұсынған кандидатуралар арасынан осы Заңның талаптарына сәйкес несие берушілер комитетін құрады.

2. Несие берушілер комитеті бірінші отырысында борышкермен келісе отырып, дәрменсіз борышкерді таратудың соттан тыс рәсімін өткізу туралы не борышкерді банкрот деп тану жөнінде сотқа жүгіну туралы шешім қабылдайды.

3. Несие берушілер комитеті борышкерді таратудың соттан тыс рәсімін өткізу туралы шешім қабылдаған жағдайда конкурстық басқарушыны тағайындайды, оның қызметі осы Заңмен реттеледі.

4. Несие берушілер комитеті шешімдерді осы Заңда белгіленген тәртіппен қабылдайды.";

65) 98-бап алып тасталсын;

66) 99-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"99-бап. Соттан тыс тарату рәсімін өткізу туралы шешім
қабылдаудың салдары

1. Несие берушілер комитеті соттан тыс тарату рәсімін өткізу

туралы шешім қабылдағаннан кейін осы Заңның 68-бабында көзделген салдарлар туындайды.

2. Борышкерді соттар тыс тарату рәсімі осы Заңның 6-тарауында белгіленген ережелер бойынша жүзеге асырылады.

3. Соттан тыс тарату рәсімі кезінде 67-баптың 4) тармақшасымен және 73, 87-баптармен соттың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді несие берушілер комитеті қабылдайды.";

67) 101-бапта:

1-тармақта:

"мемлекеттік", "әкімшінің және" деген сөздер алып тасталсын;

"қатысушы тұлға деп танылады" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Сот қаланы құрушы ұйымның банкроттығы туралы іс қозғалғаннан

кейін бұл туралы әкім уәкілдік берген органға хабарлауға міндетті.";

68) 10-тарау алып тасталсын;

69) 106-баптың 3-тармағы алып тасталсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

оқығандар:

Багарова Ж.

Икебаева А.